

Маракайбо өзенінен мұнайды экспорттау 1918 жылы басталды және 1927-дан 1970 жыл аралығында Венесуэла әлемдегі ең ірі мұнай экспорттаушы ел болған, 1914 жылдан бастап 17 мың ұнғымалар бұрғыланған, олар 37 млрд. баррель мұнай берген. Қалған өндірілетін қорлар 20 млрд. баррельді құрайды. Өртүрлі бағалаулар бойынша 25000-нан 45000 дейін км құбырлар көл түбіне төселген.

Газ. Венесуэлада табиғи газдың дәлелденген қоры 148 трлн. куб.фут. деп бағаланады, көлемі бойынша Батыс жартышарында АҚШ-тан кейінгі екінші, ал әлемде сегізінші орында. 2001 жылы мемлекет 1,1 газ алған, оның барлығы мемлекеттің ішкі тұтынуына жұмсалған.

Deitana платформасы – Тринидат пен Тобаго арасындағы шекарада Венесуэланың атлантикалық жағалауындағы ауданы. Дәлелденген қорлар 4,4 трлн. куб.футты құрайды. Кен орындарында өндірілген төмендетілген газдың АҚШ-қа алғашқы тасымалдануы 2007 жылға жоспарланған.

Мексика

Газ. Мексикада табиғи газдың дәлелденген қоры 30,1 трлн куб футты құрайды, мемлекет әлемде табиғи газ қорлары бойынша 21 орынға ие. 2000 жылы 1,33 трлн. куб.фут өдірілген. Газдың көп көлемі солтүстік пен солтүстік-шығыста шоғырланған, ол негізінен тұтынушылардан алыс елдің оңтүстік-шығысында өндіріледі. Негізінен ілеспе газ құрлықта да және де шельфтерде өндіріледі. Табиғи газдың аса үлкен кен орны Burgos елдің солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан, онда газды өндіру 1945 жылдан бастап жүргізіп келеді. Соңғы жылдары табиғи газдың үш ірі кен орындары ашылған, олардың біреуі шельфте орналасқан, оның қоры Мексиканың дәлелденген қорларының төртінші бөлігін құрайды. Тарихи тұрғыдан Мексика табиғи газды АҚШ-тан импорттаушы ел болып табылады.

Мұнай. Мексика әлемде мұнай қоры бойынша тоғызыншы орынға және батыс жартышарда Венесуэладан кейін екінші орынға ие. Мексика мұнайды өндіру көлемі бойынша жетінші орында тұр. Ол Сауд Арабиясынан кейін мұнайды АҚШ-қа тасымалдау бойынша екінші орынға ие. Қазіргі кезде мұнайдың төрттен үш бөлігі Campero Bay мен Мексика шығанағынан түседі. Онда Camarell кен орны орналасқан – ол күніне 2,3 млн. баррель мұнай беретін елдегі ең ірі мұнай кен орны. Бір ұнғымадан мұнайды алу 1970 жылдан бастап 35 мың баррельден 1,4 мың баррельге дейін төмендеген. Кен орнында газды алуды жоғарылатыу үшін қабатқа азотты айдау арқылы жүзеге асырылады. Оны дайындап шығару үшін завод салынған, оның төрт қондырғыларында күніне 1,2 млрд. куб.фут азот өндіріледі.

2000 жылы Мексика мен АҚШ Мексика шығанағының батыс терең сулы бөлігін бөлу туралы келісім-шарт жасады. Ол бойынша Мексика 62% ауданға, ал АҚШ -38% ауданға ие.

Santarell кен орны Юкатан аралының шельфінде жағалаудан 80 км-де орналасқан. Судың тереңдігі оңтүстікте 35 м-ден солтүстікте 40 м-ге дейін өзгереді.